

Төлем көзінен салық салынатын қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс салығын есептеу Есебін құрастыру Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 1 ақпандағы N 125 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 1 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1787. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 7 қарашадағы N 445 (V032597) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 153-бабын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Төлем көзінен салық салынатын қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс салығын есептеу Есебін құрастыру Ережесі бекітілсін.

2. Әдістеме департаменті (Үсенова Н.Д.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу өтуге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс Министрінің
2002 жылғы 1 ақпандағы
N 125 бұйрығымен

**Төлем көзінен салық салынатын
қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс
салығын есептеу Есебін құрастыру Ережесі**

1. Осы Ереже Салық Кодексінің 153-бабына сәйкес әзірленіп, төлем көзінен салық салынатын қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс салығын біркелкі есептеу тәртібін және төлем көзінен салық салынатын қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс салығын есептеу, енгізілген формаға сәйкес Есебін а й қ ы н д а й д ы .

2. Есепте салықтөлеушімен мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) 1 бағанда салық кезеңінің тиісті айлары;
- 2) 2 бағанда салық кезеңінің тиісті айы үшін есептелген табыстардың сомасы;
- 3) 3 бағанда салық кезеңінің басынан бастап үдемелі жиынмен есептелген

табыстардың сомасы;

4) 4 бағанда Салық Кодексінің 144-бабына сәйкес салық кезеңінің тиісті айы үшін салық салуға тиіс емес табыстардың сомасы;

5) 5 бағанда салық кезеңінің басынан бастап үдемелі жиынмен салық салуға тиіс емес есептелген табыстардың сомасы;

6) 6 бағанда Салық Кодексінің 152 бабының 1 тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалатын салық кезеңінің тиісті айы үшін салық шегерімінің сомасы;

7) 7 бағанда Салық кезеңінің басынан бастап үдемелі жиынмен салық шегерімінің сомасы;

8) 8 бағанда салық кезеңінің тиісті айы үшін зейнетақы заңдарына сәйкес белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы;

9) 9 бағанда салық кезеңінің басынан бастап үдемелі жиынмен міндетті зейнетақы жарналарының сомасы;

10) 10 бағанда салық кезеңі басынан бастап 3, 5, 7 және 9-бағандардың арасындағы айырма ретінде айқындалатын салық салынатын табыстардың сомасы;

11) 11 бағанда салық кезеңінің айлардың жалпы санының салық салынатын табысы айқындалатын айлардың санына қатынасты ретте айқындалатын қайта есептеу коэффициенті;

12) 12 бағанда салық кезеңінің басынан бастап салық салынатын табысының сомасы (10 баған) мен қайта есептеу коэффициентіне (11 баған) көбейту жолымен айқындалатын салық салынатын табыс сомасы;

13) 13 бағанда салық салынатын табыстың есепті сомасына Салық Кодексінің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен есептелген жеке табыс салығының сомасы;

14) 14 бағанда салық кезеңі үшін есептелген 13 бағанының 11 бағанға қатысы ретінде айқындалатын жеке табыс салығының сомасы;

15) 15 бағанда салық кезеңінің өткен айлары үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы;

16) 16 бағанда салық кезеңінің тиісті айы үшін ұстап қалуға тиісті, 14 және 15 бағандардың қатысы айырма ретінде айқындалатын жеке табыс салығының сомасы.

Төлем көзінен салық салынатын қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс салығын есептеу Есебін

Ережеге қосымша

Төлем көзінен салық салынатын қызметкерлердің табысы бойынша жеке табыс салығын есептеу

--

Салық ! Табыс есептелген ! Салық салуға тиіс ! Салық шегерімдері ! Міндетті зей. кезең ! емес табыстар ! нетақы жарна. інің ! ! ! ларының айлары ! ! ! сомасы ! ! ! !

! Салық ! Салық ! Салық ! Салық ! Салық ! Салық ! Салық ! Салық ! кезеңі ! кезеңінің ! кезеңі ! кезеңінің ! кезеңі ! кезеңі ! кезеңі ! кезеңі ! үшін ! басынан ! үшін ! басынан ! үшін ! інің ! үшін ! інің ! бастап ! бастап ! басынан ! басы. ! ! ! ! ! бастап ! нан ! ! ! ! ! бастап

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

Б а р л ы ғ ы :

таблицаның жалғасы

Салық ! Қайта ! Салық ! Салық ! Жеке табыс салығының сомасы кезеңінен ! есепте ! салынатын ! салынатын ! _____

бастап ! коэффи. ! табыстар. ! табыстар. ! салық ! салық ! ұстап қалуға

салық салы. !циенті !дың есепті!дың есеп.!кезеңі !кезеңі.! тиісті
натын табыс.! !сомасы !ті салық ! үшін !нің өт.!(14 бағ.-
тардың сома.! !(10*бағ. !сомасы !(13 бағ.:!кен ай.! 15 бағ.)
сы ! !11 бағ.) ! !11 бағ.) !лары !
! ! ! ! ! үшін !

10	11	12	13	14	15	16
-	-	-	-	-	-	-
-	-	-	-	-	-	-
